

ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 53-ө Өкімі

ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – көрме) өткізу құқығына Астана қаласының қатысуына арналған Халықаралық Көрме Бюросына өтінім дайындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Көрмені өткізу құқығына Астана қаласының өтінімін жылжыту және ілгерілету жөніндегі 2011 – 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;
- 2) Көрмені өткізу құқығына Астана қаласының өтінім мәліметін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі есепті кезеңнің соңғы айының 30 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне көрсетілген іс-шаралар жоспарларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

№ 5 3 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу құқығына Астана қаласының өтінімін жылжыту және ілгерілету жөніндегі 2011 – 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
Ұйымдастыру сипатындағы іс-шаралар					
1.	ҚР мемлекеттік органдарының кадр құрамы мен құрылымының өзгерістерін ескере отырып, жұмыс штабтарының құрамдарын жаңарту	Бұйрықтар және өкімдер	ЭДСМ, СІМ, БҒМ, ИЖТМ, Қаржымині, БАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді

2.	Өтінім мәліметі аясындағы жұмысты қоса алғанда, штабтар жұмысының 2011 – 2012 жылдарға арналған жоспарларын әзірлеу	Бұйрықтар және өкімдер	ЭДСМ, СІМ, БҒМ, Қаржымині, БАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді
3.	ЕХРО – 2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» тақырыбының мәселелері бойынша жұмыс тобын құру	Бірлескен бұйрық	ИЖТМ, БҒМ	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді
4.	ЭДСМ-нен ХКБ-ға делегаттар тағайындау	Бұйрық	ЭДСМ	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді
5.	ҚР мемлекеттік органдарының интернет-ресурстарына ықпалдасу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ	2011 жылғы II тоқсаннан бастап, тоқсан сайын	049 Бюджеттік бағдарлама
6.	Республикалық және халықаралық БАҚ-та ЕХРО – 2017 бойынша өткізілетін барлық іс-шараларды жария ету. Баспасөз мониторингі	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	БАМ, СІМ	2011 жылғы II тоқсаннан бастап, тоқсан сайын	Талап етілмейді
7.	Шетелде Астана қаласының кандидатурасын қолдауға Дауыс жинау бағдарламасына сәйкес жұмыстар жүргізу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	СІМ	2011 жылғы II тоқсаннан бастап, тоқсан сайын	049 Бюджеттік бағдарлама
8.	ҚР Премьер-Министрі атынан ЕХРО – 2017 көрмесін өткізу құқығына Астана қаласының өтінімін беруі туралы ҚР Үкіметінің кепілдігімен хат жіберу	ХКБ-ға кепілдікпен хат жіберу	ЭДСМ, СІМ	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
9.	Өтінім мәліметі үшін ҚР Президенті атынан ЕХРО – 2017 өткізу құқығына Астана қаласының өтінімін қолдау жөнінде хат дайындау	ПӨ-не ақпарат	ЭДСМ	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
10.	Мемлекет басшысы атынан әлемнің әр түрлі өңірлеріндегі көшбасшы елдер президенттерінің атына (Ресей, Қытай, Корея Республикасы, Жапония, Түркия, Мысыр, АҚШ, Канада, Куба, Бразилия) оларды қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласына өтінім беру туралы хат дайындау және жіберу	Хаттар жіберу	ЭДСМ, СІМ	2011 жылғы маусым	Талап етілмейді
11.	ХКБ-ның Сараптама комиссиясының сұрауларын ескере отырып, ақпараттық құжаттама дайындау	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, БҒМ, ИЖТМ, СІМ, ММ, ТСМ, БАМ, Қаржымині, МТК, Қоршағанортмині, МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	Қажеттілігіне қарай	Талап етілмейді
Мазмұндық сипаттағы іс-шаралар					
		Ұйымдастыру комитетінің	ЭДСМ		

12	Астана қаласындағы IV және V Астана экономикалық форумдарына қатысуды қамтамасыз ету	төрағасына есеп беру		2011 жылғы мамыр, 2012 жыл	049 Бюджеттік бағдарлама
13	Бас консультанттың тиісті ЖОО студенттері алдында сөз сөйлеуін ұйымдастыру. EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбы бойынша ЖОО-мен ынтымақтастық	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ	2011 және 2012 жылдар бойына	Талап етілмейді
14	Астана қаласы әкімдігінің іс-шараларына ықпалдасу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 – 2012 жылдар бойына	049 Бюджеттік бағдарлама
15	Қазақстан халқы ассамблеясының іс-шараларына ықпалдасу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2011 – 2012 жылдар бойына	Талап етілмейді
16	EUROBAK-тың дөңгелек үстелдеріне және семинарларына қатысу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ	2011 жылғы мамыр, 2012 жылғы наурыз	Талап етілмейді
17	EXPO – 2017 өткізу кезінде туризмді дамыту мүмкіндіктері бойынша кәсіби мақалалар дайындау және жариялау	Мақалалар жария ету	ЭДСМ, ТСМ	2011 жылғы мамыр, 2012 жыл бойына	049 Бюджеттік бағдарлама
18	Астана қаласындағы Дүниежүзілік ислам экономикалық форумына қатысуды қамтамасыз ету	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, ИЖТМ	2011 жылғы маусым	049 Бюджеттік бағдарлама
19	Вена қаласындағы (Австрия) Еуропа және Орталық Азия бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуды қамтамасыз ету	ҚР Үкіметіне есеп беру	ЭДСМ, СИМ	2011 жылғы маусым	049 Бюджеттік бағдарлама
20	Париж қаласындағы (Франция) ХКБ Бас Ассамблеясының кезекті сессияларына қазақстандық делегацияның қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ EXPO – 2017 өтінімінің тұсаукесерін өткізу және концерттік бағдарламамен ресми қабылдауларды ұйымдастыру	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, СИМ, ММ	2011 және 2012 жылдар бойына	049 Бюджеттік бағдарлама
21	ХКБ Бас хатшысының Астана қаласына сапарын ұйымдастыру (ХКБ-ның ұсынымдарына сәйкес)	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, СИМ, БҒМ, ИЖТМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы тамыз – қараша, 2012 жылғы тамыз – қараша	049 Бюджеттік бағдарлама
22	Мектеп оқушылары мен жоғарғы оқу орындарының студенттері арасында «Болашақ энергиясы» тақырыбына байланысты EXPO – 2017 көрмесінің үздік ұраны конкурсын ұйымдастыру	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, БҒМ	2011 жылғы желтоқсан	049 Бюджеттік бағдарлама

23	Астана қаласында ХКБ-ның «Жиһангер көрмесін» өткізу (ХКБ ұсыныстарына сәйкес)	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, Астана қаласының әкімдігі, СІМ	2011 жылғы қазан – 2012 жылғы ақпан	049 Бюджеттік бағдарлама
24	ХКБ Сараптама комиссиясының Астана қаласына сапарын ұйымдастыру	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, СІМ, БҒМ, ИЖТМ, Қаржымині, Астана қаласының әкімдігі	2012 жылғы сәуір	049 Бюджеттік бағдарлама
25	Женева қаласында (Швейцария) өтетін Болашақ энергиясы Еуропалық Форумна және Абу Даби қаласында (Біріккен Араб Әмірліктері) өтетін Болашақ энергиясы Дүниежүзілік Саммитіне қатысуды қамтамасыз ету	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, СІМ, ИЖТМ	2011 жылғы қазан, 2012 жылғы қантар	049 Бюджеттік бағдарлама
26	Астана қаласында «Болашақ энергиясы» көрмесінің тақырыбы бойынша Халықаралық конгресс өткізу	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, БҒМ, ИЖТМ, Астана қаласының әкімдігі, СІМ	2012 жылғы сәуір	049 Бюджеттік бағдарлама

Е с к е р т п е :

049 бюджеттік бағдарламасы – қаражат ЭДСМ-нің 049 «Экспорттаушы – 2020» бағыты шеңберінде қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасынан көзделген.

аббревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

БАМ – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі

ТСМ – Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

ҚР – Қазақстан Республикасы

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»

акционерлік қоғамы

ЖОО – жоғары оқу орны

Өтінім мәлімет – ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу

құқығына Астана қаласының өтінім мәліметі

ХКБ – Халықаралық Көрмелер Бюросы

Ұйымдастыру комитеті – ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін

өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау мәселелері жөнінде ұйымдастыру

к о м и т е т і

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
EUROBAK (European Business Association in Kazakhstan) – Қазақстандағы еуропалық
компаниялар қауымдастығы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

№ 5 3 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

EXPO – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу құқығына Астана қаласының өтінім мәліметін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/ с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімдері	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1.	EXPO – 2017 көрмесі атауын, тақырыбын, сондай-ақ көрменің ашылу және жабылу күнін таңдауды негіздеу бойынша ақпарат дайындау. EXPO – 2017 көрмесінің ашылуы мен жабылу кезеңін ауа райы, туристердің болуы мүмкін ағымы сияқты ерекше жағдайлармен байланысын белгілеу. EXPO – 2017 көрмесінің ашылуы мен жабылу күндерінде ерекше жергілікті немесе салтанатты мәнінің болуы	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі, Қоршаған орта министрі, ТСМ	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
2.	EXPO – 2017 көрмесін Астана қаласында өткізудің қажеттілігін түсіндіретін жергілікті және халықаралық себептерді және оны өткізуден туындайтын мүмкін нәтижелердің негіздемесін дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі, ТСМ, СІМ	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
3.	Қазақстанда өткізілген халықаралық және бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырылуы жөнінде ақпарат дайындау	ЭДСМ-ге есеп беру	СІМ, ТСМ, БАМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
4.	Қазақстанның ұлттық экономикалық көрсеткіштері жөнінде ақпарат дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	СА	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
5.	EXPO – 2017 көрмесін өткізу үшін Астана қаласының және оған жақын өңірдің саяси және экономикалық мәні жөнінде ақпарат дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктері	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді

6.	EXPO – 2017 көрмесін өткізуге мүдделі топтардың (ҰЕҰ, бизнес, оппозиция, саяси партиялар, мемлекеттік органдар және басқалары), сондай-ақ тұтастай халықтың ұстанымын ескеріп, ішкі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдай жөнінде ақпарат беру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Еңбекмині	2011 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді
7.	Астана қаласында EXPO – 2017 көрмесін өткізуге қолдау көрсету хаттарын жинау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	БҒМ, БАМ, ММ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша)	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
8.	Астана қаласында EXPO – 2017 көрмесін өткізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде жоспар әзірлеу	ПМК-не ұсыныстар	ТЖМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы маусым	049 Бюджеттік бағдарламасы
9.	Астана қаласында EXPO – 2017 өткізу бастамасына мақұлдау алу үшін Сенатқа, Мәжіліске, ПӘ-ге, ПМК-ге хаттар жолдау	Хаттар жолдау	ЭДСМ	2011 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді
10.	Астана қаласында EXPO – 2017 өткізу идеясынан халықтың хабардар болуын зерделеу және оны қолдау мақсатында www.expo2017astana.com мамандандырылған веб-сайтында сұрау салу-зерттеу жүргізу	ЭДСМ-ге есеп беру	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2011 жылғы қазан	049 Бюджеттік бағдарламасы
11.	Атқарылған жұмыс және ғылыми база, EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбы бойынша ҒЗИ және Қазақстандағы ғылыми әзірлемелер туралы ақпарат беру	ЭДСМ-ге есеп беру	EXPO – 2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» тақырыбының мәселелері бойынша жұмыс тобы	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді
12.	Мынадай бағыттар: - EXPO – 2017 көрмесінің мақсаты және тақырыбы; - EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбы мен өткізілу орнының арасындағы байланыс; - қазіргі немесе күтілетін ұлттық проблемаларға қатысы; - танымал мамандардың қатысуымен EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбы бойынша жоспарланған отырыстар мен конференциялар жөнінде ұсыныстар беру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	EXPO – 2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» тақырыбының мәселелері бойынша жұмыс тобы	2011 жылғы шілде	Талап етілмейді
13.	EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбын дамыту – тақырыпшалар және экспозициялық жіктелімдер	ЭДСМ-ге ұсыныстар	EXPO – 2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» тақырыбының мәселелері бойынша жұмыс тобы	2011 жылғы шілде	Талап етілмейді
	Заңнамалық, ұйымдастырушылық, жедел және қаржы шараларын қабылдау бойынша Қазақстанның мынадай кепілдіктер беру бойынша декларациясын келісу: Жобаны қаржыландыру;				

14	Инфрақұрылымды кеңейту (көлікпен және тұрғын-үймен қамтамасыз ету); ЕХРО – 2017 көрмесіне қатысушы дамушы елдерге қаржылай көмек беру; Қауіпсіздік жоспарын әзірлеу; ЕХРО – 2017 көрмесінің қатысушылары үшін арнайы кеден ставкаларын беру; ЕХРО – 2017 көрмесінің қатысушылары үшін салық салуда жеңілдіктер ұсыну; Виза алудың оңайлатылған рәсімі; Қазақстанның әріптес- компанияларына преференциялар ұсыну; Дайындық өтінім комитетінің құрылымы, кезеңдері және жұмыс мақсаттары бойынша ақпарат дайындау	ПМК-ге ұсыныстар	ЭДСМ, Қаржымині, ТЖМ, Астана қаласының әкімдігі, СІМ	2011 жылғы маусым	Талап етілмейді
15	Балама энергия көздері тақырыбы бойынша Қазақстанмен ынтымақтасатын халықаралық кәсіби ғылыми қоғамдастықтардың тізімін дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	БҒМ, ИЖТМ	2011 жылғы сәуір	Талап етілмейді
16	Астана қаласында және жақын өңірдегі туризм туралы ақпарат беру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	ТСМ, Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктері	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
17	ЕХРО – 2017 көрмесіне келушілерді тарту бойынша ақпараттық стратегияны әзірлеуде ұсыныстар енгізу және жәрдем көрсету	ЭДСМ-ге ұсыныстар	БАМ, ТСМ, СІМ	2011 жылғы шілде	Талап етілмейді
18	Қазақстан туралы ақпарат беру: тарих; экономика; мәдениет; туризм	ЭДСМ-ге ұсыныстар	БҒМ, ЭДСМ, СА, ММ, ТСМ	2011 жылғы мамыр	Талап етілмейді
19	Қазақстан жөнінде деректер дайындау: - халықаралық көлік қатынастарын пайдаланатын жолаушылардың саны; - жергілікті және халықаралық көлік қатынастарымен байланыстар; - Қазақстанның жалпы көлік жағдайы туралы (теміржол, су, әуе және автокөлік) ; - ЕХРО – 2017 көрмесінің қатысушылары мен келушілерінің Астана қаласындағы жүріп өту жолдары	ЭДСМ-ге ұсыныстар	ККМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	Талап етілмейді
20	ЕХРО – 2017 көрмесі үшін көліктік жабдықтауды кеңейту бойынша жоспар дайындау	ЭДСМ-ге жоспар жіберу	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	Талап етілмейді
21	Өңірлік және қалалық даму бағдарламасы ; Астана қаласының тарихи дамуы және туристік тартымдылығы, оның экономикалық дамуы туралы ақпарат; ЕХРО – 2017 көрмесінің аумағы; Астана қаласының санитарлық, мәдени, спорт инфрақұрылымы; конференц-залдардың,	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	

	бизнес орталықтардың, қонақ үйлердің, жатақханалардың болуы жөнінде ақпарат беру				Т а л а п етілмейді
22	Қазақстанның аумағында 2017 жылы өткізілетін маңызды іс-шаралардың тізімін дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	СІМ, ТСМ, БҒМ, ИЖТМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
23	EXPO – 2017 көрмесі алаңының Бас жоспарының алдын-ала жобасын әзірлеу	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	049 Бюджеттік бағдарламасы
24	Жер учаскесі, оның дәл өлшемдері, мәртебесі жөніндегі ақпаратты қамтитын хат дайындау және жер EXPO – 2017 көрмесі үшін көзделгендігін растау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	049 Бюджеттік бағдарламасы
25	Одан әрі даму жоспарын дайындау және EXPO – 2017 көрмесі аяқталғаннан кейін оның материалдарын пайдалану	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы шілде	Т а л а п етілмейді
26	EXPO – 2017 көрменің өткізілу кезіндегі Астана қаласында және жақын өңірлердің мәдени және ойын-сауық іс-шараларының тізімін дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктері, ММ	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
27	EXPO – 2017 көрмесіне қатысушылардың болжамды саны және халықаралық және отандық қатысушылар үшін алаңдардың, павильондар, жабық және ашық алаңдардың басқа түрлерінің орналастырылуына қатысты мүмкін болған шешімдерді дайындау. Шет елдерге бөлінуі мүмкін жоғарғы және ең төменгі кеңістіктерді әзірлеу, сондай-ақ сәулеттік жоспарлаудың кез-келген нұсқауларын немесе EXPO – 2017 көрмесіне қатысушылар орналасатын павильондардың модулдік жоспарын дайындау	ЭДСМ-ге ұсыныстар	СІМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
28	EXPO – 2017 көрмесіне келушілердің күтілетін саны және түрлері жөнінде болжамды беру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	ТСМ, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
29	EXPO – 2017 көрмесіне келушілер, персонал мен қатысушылар үшін қонақ үйлерде тұрудың және орналасудың әзірленген жоспарын ұсыну	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
30	Бюджетті, қаржыландыру құралдары мен күтілетін қаржы нәтижелерін, сондай-ақ негізгі ғимараттардың құрылысы мен EXPO – 2017 көрмесі алаңын қайта жаңартуды қаржыландырудың негізгі көздерін айқындауды қамтитын бизнес-жоспар әзірлеу	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Қаржымині	2011 жылғы шілде-қыркүйек	049 Бюджеттік бағдарламасы

31	EXPO – 2017 көрмесіне қатысудың ықтимал құнын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді беру	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі, Қаржымині	2011 жылғы қыркүйек	Т а л а п етілмейді
32	Қоршаған ортаға жобаның тигізетін әсерін зерделеу	ЭДСМ-ге есеп беру	Қоршағанортамині, Астана қаласының әкімдігі	2011 жылғы қазан	049 Бюджеттік бағдарламасы
33	Осы мақсатқа көзделген соманы көрсете отырып дамушы елдерге қолдау көрсетудің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу	ЭДСМ-ге ұсыныстар	Қаржымині, СІМ	2011 жылғы қараша	Т а л а п етілмейді
34	Ұйымдастыру комитетінің отырысына өтінім мәліметінің нұсқа дизайнын бекіту	Ұйымдастыру комитеті төрағасының мақұлдауы	ЭДСМ	2011 жылғы қазан	Т а л а п етілмейді
35	Ұйымдастыру комитетінің отырысында өтінім мәліметінің жобасын бекіту	Ұйымдастыру комитеті төрағасының мақұлдауы	Ұйымдастыру комитеті	2011 жылғы қараша	Т а л а п етілмейді
36	ХКБ-ға өтінім мәліметін беру	Ұйымдастыру комитетінің төрағасына есеп беру	ЭДСМ, СІМ	2011 жылғы желтоқсан	Т а л а п етілмейді

Е с к е р т п е :

049 бюджеттік бағдарламасы – қаражат ЭДСМ-нің 049 «Экспорттаушы – 2020» бағыты шеңберінде қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасынан көзделген.

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

СА – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

Мәжіліс – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

БАМ – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

ТСМ – Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

ҚР – Қазақстан Республикасы
 Сенат – Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты
 «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
 акционерлік қоғамы
 АЭФ – Астана экономикалық форумы
 Бас консультант – ЕХРО – 2017 мәселелері жөнінде Қазақстанның бас консультанты
 ХКБ – Халықаралық Көрмелер Бюросы
 Өтінім мәлімет – ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу
 құқығы жөніндегі Астана қаласының өтінім мәлімет
 ҒЗИ – ғылыми зерттеу институттар
 ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар
 ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым
 Ұйымдастыру комитеті – ЕХРО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін
 өткізуге Астана қаласының қатысуын дайындау мәселелері жөнінде ұйымдастыру
 комитеті
 БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары